

"Қаржы ұйымдарының қаржылық есептілікті ұсыну қағидаларын бекіту туралы"
Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2016 жылғы 28 қаңтардағы № 41 қаулысына өзгерістер енгізу және "Қазақстан Республикасы бейрезидент-банктері филиалдарының, Қазақстан Республикасы бейрезидент-сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдары филиалдарының, Қазақстан Республикасы бейрезидент-сақтандыру брокерлері филиалдарының бухгалтерлік есепке алу деректері бойынша есептілікті ұсыну қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2020 жылғы 21 қыркүйектегі № 107 қаулысының және "Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының кейбір қаулыларына бухгалтерлік есеп жүргізу және қаржылық есептілікті ұсыну мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2022 жылғы 19 желтоқсандағы № 122 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының бухгалтерлік есеп жүргізу және қаржылық есептілікті ұсыну мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізілетін кейбір қаулыларының тізбесі 14-тармағының күші жойылды деп тану туралы

Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2025 жылғы 24 желтоқсандағы № 104 қаулысы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2025 жылғы 26 желтоқсанда № 37700 болып тіркелді

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

Осы қаулы 01.01.2026 ж. бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Басқармасы **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. "Қаржы ұйымдарының қаржылық есептілікті ұсыну қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2016 жылғы 28 қаңтардағы № 41 қаулысына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 13504 болып тіркелген) мынадай өзгерістер енгізілсін:

тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

"Қаржы ұйымдарының қаржылық есептілікті және Қазақстан Республикасының бейрезидент-банктері филиалдарының, Қазақстан Республикасының бейрезидент-сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдары филиалдарының, Қазақстан Республикасының бейрезидент-сақтандыру брокерлері филиалдарының бухгалтерлік есептің деректері бойынша есептілікті ұсыну қағидаларын бекіту туралы";

кіріспесі мынадай редакцияда жазылсын:

"Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің ережесін және құрылымын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2003 жылғы 31 желтоқсандағы № 1271 Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі туралы ереженің 19

-тармағы екінші бөлігі екінші абзацының 47) тармақшасына және "Мемлекеттік статистика туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 16-бабы 3-тармағының 2) тармақшасына сәйкес Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Басқармасы ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:";

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"Қоса беріліп отырған Қаржы ұйымдарының қаржылық есептілікті және Қазақстан Республикасының бейрезидент-банктері филиалдарының, Қазақстан Республикасының бейрезидент-сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдары филиалдарының, Қазақстан Республикасының бейрезидент-сақтандыру брокерлері филиалдарының бухгалтерлік есептің деректері бойынша есептілікті ұсыну қағидалары бекітілсін";

Қаржы ұйымдарының қаржылық есептілікті ұсыну қағидалары осы қаулыға қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын.

2. Мына:

1) "Қазақстан Республикасы бейрезидент-банктері филиалдарының, Қазақстан Республикасы бейрезидент-сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдары филиалдарының, Қазақстан Республикасы бейрезидент-сақтандыру брокерлері филиалдарының бухгалтерлік есепке алу деректері бойынша есептілікті ұсыну қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2020 жылғы 21 қыркүйектегі № 107 қаулысының (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 21278 болып тіркелген);

2) "Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының кейбір қаулыларына бухгалтерлік есеп жүргізу және қаржылық есептілікті ұсыну мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2022 жылғы 19 желтоқсандағы № 122 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының бухгалтерлік есеп жүргізу және қаржылық есептілікті ұсыну мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізілетін кейбір қаулыларының тізбесі 14-тармағының (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 31303 болып тіркелген) күші жойылды деп танылсын.

3. Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Бухгалтерлік есеп департаменті Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Заң департаментімен бірлесіп осы қаулыны Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы қаулыны ресми жарияланғаннан кейін Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің ресми интернет-ресурсына орналастыруды;

3) осы қаулы мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Заң департаментіне осы тармақтың 2) тармақшасында көзделген іс-шараның орындалуы туралы мәліметтерді ұсынуды қамтамасыз етсін.

4. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Төрағасының Бірінші орынбасарына жүктелсін.

5. Осы қаулы ресми жариялануға тиіс және 2026 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасы
Ұлттық Банкінің Төрағасы

Т. Сулейменов

КЕЛІСІЛДІ

Қазақстан Республикасының
Қаржы нарығын реттеу және
дамыту агенттігі

КЕЛІСІЛДІ

Қазақстан Республикасы
Стратегиялық жоспарлау
және реформалар агенттігінің
Ұлттық статистика бюросы

Қазақстан Республикасы
Ұлттық Банкінің Төрағасы
2025 жылғы 24 желтоқсандағы
№ 104 қаулыға қосымша
Қазақстан Республикасы
Ұлттық Банкі Басқармасының
2016 жылғы 28 қаңтардағы
№ 41 қаулысымен бекітілді

Қаржы ұйымдарының қаржылық есептілікті және Қазақстан Республикасының бейрезидент-банктері филиалдарының, Қазақстан Республикасының бейрезидент-сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдары филиалдарының, Қазақстан Республикасының бейрезидент-сақтандыру брокерлері филиалдарының бухгалтерлік есептің деректері бойынша есептілікті ұсыну қағидалары

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Қаржы ұйымдарының қаржылық есептілікті және Қазақстан Республикасының бейрезидент-банктері филиалдарының, Қазақстан Республикасының бейрезидент-сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдары филиалдарының, Қазақстан Республикасының бейрезидент-сақтандыру брокерлері филиалдарының бухгалтерлік есептің деректері бойынша есептілікті ұсыну қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) "Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің ережесін және құрылымын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2003 жылғы 31 желтоқсандағы № 1271 Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі туралы ереженің 19-тармағы екінші бөлігі екінші абзацының 47) тармақшасына және "Мемлекеттік статистика туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 16-бабы 3-тармағының 2) тармақшасына сәйкес әзірленді және онда мыналар:

1) қаржы ұйымдарының қаржылық есептіліктің нысандарын, тізбесін, кезеңділігін және ұсыну мерзімін қоса алғанда, оны ұсыну тәртібі;

2) Қазақстан Республикасының бейрезидент-банктері филиалдарының, Қазақстан Республикасының бейрезидент-сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдары филиалдарының, Қазақстан Республикасының бейрезидент-сақтандыру брокерлері филиалдарының (бұдан әрі – бейрезидент-ұйымдардың филиалдары) бухгалтерлік есептің деректері бойынша есептіліктің нысандарын, тізбесін, кезеңділігін және ұсыну мерзімін қоса алғанда, оны ұсыну тәртібі айқындалады.

2. Қаржылық есептілік және бухгалтерлік есептің деректері бойынша есептілік электрондық форматта ұсынылады.

3. Қағаз тасымалдағыштағы қаржы ұйымдарының (бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорын қоспағанда) қаржылық есептілігі мен бейрезидент-ұйымдар филиалдарының бухгалтерлік есептің деректері бойынша есептілігіне қаржы ұйымының және (немесе) бейрезидент-ұйымдар филиалдарының бірінші басшы немесе оның міндетін атқаратын адам, бас бухгалтер, орындаушы қол қояды және ол қаржы ұйымында және (немесе) бейрезидент-ұйымның филиалында сақталады.

Қаржы ұйымы (бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорын қоспағанда) және (немесе) бейрезидент-ұйымның филиалы Ұлттық Банктің және (немесе) Ұлттық Банктің аумақтық филиалының және (немесе) қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын реттеу, бақылау және қадағалау жөніндегі уәкілетті органның (бұдан әрі – уәкілетті орган) талап етуі бойынша сұратуды алған күннен бастап 2 (екі) жұмыс күнінен кешіктірмей түзетулері және өшірілген жерлері болмауға тиіс қағаз тасымалдағыштағы есептілікті ұсынады.

Электрондық форматта ұсынылған қаржы ұйымдарының (бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорын қоспағанда) қаржылық есептілігі және (немесе) бейрезидент-ұйымдар филиалдарының бухгалтерлік есептің деректері бойынша есептілігі қағаз тасымалдағышта ұсынылған қаржылық есептілігіне сәйкес келеді. Электрондық форматта ұсынылатын деректердің қағаз тасымалдағыштағы деректермен сәйкестігін қаржы ұйымының және (немесе) бейрезидент-ұйым филиалының бірінші басшысы немесе оның міндетін атқаратын адам қамтамасыз етеді.

Қағаз тасымалдағыштағы жылдық қаржылық есептілікте және (немесе) бухгалтерлік есептің деректері бойынша есептілікте 2 (екі) немесе одан көп салыстырмалы кезеңдердің болуына рұқсат етіледі.

4. Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорының бірінші басшысының немесе оның міндетін атқаратын адамның және бас бухгалтердің электрондық цифрлық қолтаңбасы арқылы куәландырылған электрондық форматтағы қаржылық есептілігі бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорының автоматтандырылған ақпараттық жүйесінде сақталады. Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры Ұлттық Банктің және (немесе) уәкілетті органның талап етуі бойынша сұратуды алған күннен бастап 2 (екі) жұмыс

күнінен кешіктірмей бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорының автоматтандырылған ақпараттық жүйесінен алынған электрондық форматтағы қаржылық есептілікті ұсынады.

Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорының автоматтандырылған ақпараттық жүйесінде сақталатын қаржылық есептілік деректерінің толықтығы мен дәйектілігін бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорының бірінші басшысы немесе оның міндетін атқаратын адам қамтамасыз етеді.

5. Ұлттық Банкке және (немесе) Ұлттық Банктің аумақтық филиалына бұрын ұсынылған қаржылық есептілікте және (немесе) бухгалтерлік есептің деректері бойынша есептілікте қателер анықталған жағдайда, қаржы ұйымы және (немесе) бейрезидент-ұйымның филиалы мынадай іс-шараларды көрсетілген ретпен жүзеге асыру арқылы қателерді түзетуді қамтамасыз етеді:

1) қатені анықтаған сәтте бухгалтерлік есепте бухгалтерлік жазбаны жүзеге асыру арқылы анықталған қатені түзетеді. Халықаралық қаржылық есептілік стандарттарының талаптарына сәйкес қаржылық есептілікте ретроспективті түзетуді жүзеге асырады;

2) қаржы ұйымы және (немесе) бейрезидент-ұйымның филиалы уәкілетті органға және (немесе) уәкілетті органның Өңірлік өкілдер басқармасына, Ұлттық Банкке және (немесе) Ұлттық Банктің аумақтық филиалына бұрын ұсынылған қаржылық есептіліктен анықталған қатенің сипаттамасын көрсете отырып, жазбаша хабарлама жібереді.

6. Қаржы ұйымдары Ұлттық Банкке, өзінің орналасқан жері бойынша Ұлттық Банктің аумақтық филиалына ай сайынғы, тоқсан сайынғы және жыл сайынғы қаржылық есептілікпен бірге электрондық форматта түсіндірме жазбаны ұсынады, онда қаржы ұйымдары бухгалтерлік баланстың "басқа да активтер" және "басқа да міндеттемелер" баптары бойынша, сондай-ақ пайда мен зиян туралы есептің/жиынтық кіріс туралы есептің "басқа да кіріс" және "басқа да шығыс" баптары бойынша нақтылауды жүзеге асырады.

Екінші деңгейдегі банктер пайда мен зиян туралы есептің/жиынтық кіріс туралы есептің және ақшалай қаражаттың қозғалысы туралы есептің "операциялық қызметтен операциялық активтер мен міндеттемелердегі өзгерістерге дейінгі ақша ағындары", "төленген корпоративтік табыс салығы", "пайыздық кірістер", оның ішінде "клиенттердің қарыздары бойынша есептелген пайыздық кірістер", "клиенттердің қарыздарынан алынған пайыздық кірістер" және "пайыздық шығыс" баптары бойынша сомаларды түсіндірме жазбада қосымша нақтылауды немесе қаржылық есептілікте ашып көрсетуді жүзеге асырады. Екінші деңгейдегі банктердің ақшалай қаражатының қозғалысы туралы есебі халықаралық қаржылық есептілік стандарттарына сәйкес тікелей әдіс бойынша жасалады.

Бейрезидент-ұйымдардың филиалдары Ұлттық Банкке бухгалтерлік есептің деректері бойынша ай сайынғы, тоқсан сайынғы және жыл сайынғы есептілікпен бірге электрондық форматта түсіндірме жазбаны ұсынады, онда активтер мен міндеттемелер туралы есептің "басқа да активтер" және "басқа да міндеттемелер" баптары бойынша, сондай-ақ кіріс пен шығыс туралы есептің "басқа да кіріс" және "басқа да шығыс" баптары бойынша нақтылау мен талдамасы ашылып жазылады.

Қазақстан Республикасының бейрезидент-банктерінің филиалдары кіріс пен шығыс туралы есептің және ақшалай қаражаттың қозғалысы туралы есептің "операциялық қызметтен операциялық активтер мен міндеттемелердегі өзгерістерге дейінгі ақша ағындары", "төленген корпоративтік табыс салығы", "пайыздық кірістер", оның ішінде "клиенттердің қарыздары бойынша есептелген пайыздық кірістер", "клиенттердің қарыздарынан алынған пайыздық кірістер" және "пайыздық шығыс" баптарының нақтылауын түсіндірме жазбада қосымша ұсынады немесе қаржылық есептілікте ашып көрсетеді. Филиалдардың ақшалай қаражаттың қозғалысы туралы есебі халықаралық қаржылық есептілік стандарттарына сәйкес тікелей әдіс бойынша жасалады.

2-тарау. Жылдық қаржылық есептілікті және бухгалтерлік есептің деректері бойынша жылдық есептілікті ұсыну тәртібі

7. Ұлттық Банкке есепті жылдан кейінгі жылғы 31 (отыз бірінші) мамырға (қоса алғанда) дейінгі мерзімде жыл сайын жылдық қаржылық есептілікті, ал еншілес ұйымы (ұйымдары) болған жағдайда – халықаралық қаржылық есептілік стандарттарына сәйкес жасалған және Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген жағдайларда аудиторлық ұйым растаған, Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша бухгалтерлік балансты, Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша пайда мен зиян туралы есепті/жиынтық кіріс туралы есепті, Қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес нысан бойынша ақшалай қаражаттың қозғалысы туралы есепті және Қағидаларға 4-қосымшаға сәйкес нысан бойынша капиталдағы өзгерістер туралы есепті қамтитын жекелеген және шоғырландырылған жылдық қаржылық есептілікті электрондық форматта мынадай ұйымдар:

- 1) екінші деңгейдегі банктер;
- 2) сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдары, исламдық сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдары және сақтандыру брокерлері;
- 3) меншікті активтері бойынша бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры;
- 4) меншікті активтері бойынша ерікті жинақтаушы зейнетақы қорлары;
- 5) бағалы қағаздар нарығында брокерлік және дилерлік қызметті жүзеге асыратын ұйымдар;
- 6) инвестициялық портфельді басқарушылар;
- 7) бағалы қағаздар нарығында трансфер-агенттік қызметті жүзеге асыратын ұйымдар;

8) банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдар (қызметін Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің қолма-қол шетел валютасымен айырбастау операцияларына арналған лицензиясы негізінде тек қана айырбастау пункттері арқылы жүзеге асыратын заңды тұлғаларды және айрықша қызметі банкноттарды, монеталар мен құндылықтарды инкассациялау болып табылатын заңды тұлғаларды қоспағанда);

9) өзара сақтандыру қоғамдары;

10) сақтандыру ұйымдары таратылған жағдайда, сақтанушыларға (сақтандырылушыларға, пайда алушыларға) сақтандыру төлемдерін жүзеге асыруға кепілдік беретін ұйым;

11) сауда-саттықты ұйымдастырушылар және клирингтік ұйымдар ұсынады.

8. Микроқаржылық қызметті жүзеге асыратын ұйымдар есепті жылдан кейінгі жылғы 30 (отызыншы) сәуірге (қоса алғанда) дейінгі мерзімде жыл сайын өзінің орналасқан жері бойынша Ұлттық Банктің аумақтық филиалына электрондық форматта жылдық қаржылық есептілікті, ал еншілес ұйымы (ұйымдары) болған жағдайда – халықаралық қаржылық есептілік стандарттарына немесе шағын және орта бизнеске арналған халықаралық қаржылық есептілік стандарттарына сәйкес жасалған электрондық форматтағы жекелеген және шоғырландырылған жылдық қаржылық есептілікті ұсынады, онда мыналар:

1) Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша бухгалтерлік баланс;

2) Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша пайда мен зиян туралы есеп/жиынтық кіріс туралы есеп;

3) Қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес нысан бойынша ақшалай қаражаттың қозғалысы туралы есеп;

4) Қағидаларға 4-қосымшаға сәйкес нысан бойынша капиталдағы өзгерістер туралы есеп қамтылады.

9. Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры есепті жылдан кейінгі жылғы 30 (отызыншы) сәуірге (қоса алғанда) дейінгі мерзімде жыл сайын Қазақстан Республикасы Әлеуметтік кодексінің 60-бабының 3-тармағына сәйкес аудиторлық ұйым растаған зейнетақы активтері бойынша жылдық қаржылық есептілікті Ұлттық Банкке электрондық форматта ұсынады, онда мыналар:

1) Қағидаларға 10-қосымшаға сәйкес нысан бойынша міндетті зейнетақы жарналары, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары және ерікті зейнетақы жарналары есебінен қалыптастырылған таза зейнетақы активтері туралы есеп;

2) Қағидаларға 11-қосымшаға сәйкес нысан бойынша жұмыс берушінің міндетті зейнетақы жарналары есебінен қалыптастырылған таза зейнетақы активтері туралы есеп;

3) Қағидаларға 12-қосымшаға сәйкес нысан бойынша нысаналы жинақтар есебінен қалыптастырылған нысаналы активтер туралы есеп;

4) Қағидаларға 13-қосымшаға сәйкес нысан бойынша міндетті зейнетақы жарналары, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары және ерікті зейнетақы жарналары есебінен қалыптастырылған таза зейнетақы активтеріндегі өзгерістер туралы есеп;

5) Қағидаларға 14-қосымшаға сәйкес нысан бойынша жұмыс берушінің міндетті зейнетақы жарналары есебінен қалыптастырылған таза зейнетақы активтеріндегі өзгерістер туралы есеп қамтылады.

Ерікті жинақтаушы зейнетақы қорлары Қазақстан Республикасы Әлеуметтік кодексінің 60-бабының 3-тармағына сәйкес аудиторлық ұйым растаған, электрондық форматта, есепті жылдан кейінгі жылғы 30 (отызыншы) сәуірге (қоса алғанда) дейінгі мерзімде жыл сайын Ұлттық Банкке зейнетақы активтері бойынша жылдық қаржылық есептілікті ұсынады, онда мыналар:

1) Қағидаларға 10-қосымшаға сәйкес нысан бойынша міндетті зейнетақы жарналары, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары және ерікті зейнетақы жарналары есебінен қалыптастырылған таза зейнетақы активтері туралы есеп;

2) Қағидаларға 13-қосымшаға сәйкес нысан бойынша міндетті зейнетақы жарналары, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары және ерікті зейнетақы жарналары есебінен қалыптастырылған таза зейнетақы активтеріндегі өзгерістер туралы есеп қамтылады.

10. Активтер мен міндеттемелерді бір мезгілде беру жөніндегі операция нәтижесінде активтер мен міндеттемелер қабылдаған қаржы ұйымдары есепті жылдан кейінгі жылғы 31 (отыз бірінші) мамырға (қоса алғанда) дейінгі мерзімде Ұлттық Банкке жылдық қаржылық есептілікті, ал еншілес ұйымы (ұйымдары) болған жағдайда – активтер мен міндеттемелерді бір мезгілде беру жөніндегі операция болған есепті жыл үшін халықаралық қаржылық есептілік стандарттарына сәйкес жасалған және аудиторлық ұйым растаған, электрондық форматтағы жекелеген және шоғырландырылған жылдық қаржылық есептілікті ұсынады, онда мыналар:

1) Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша бухгалтерлік балансты;

2) Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша пайда мен зиян туралы есеп/ жиынтық кіріс туралы есеп;

3) Қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес нысан бойынша ақшалай қаражаттың қозғалысы туралы есеп;

4) Қағидаларға 4-қосымшаға сәйкес нысан бойынша капиталдағы өзгерістер туралы есеп қамтылады.

11. Бейрезидент ұйымдардың филиалдары есепті жылдан кейінгі жылғы 30 сәуірге (қоса алғанда) дейінгі мерзімде жыл сайын Ұлттық Банкке мынадай нысандар бойынша халықаралық қаржылық есептілік стандарттарына сәйкес жасалған бухгалтерлік есептің деректері бойынша жылдық есептілікті электрондық форматта ұсынады:

1) Қағидаларға 5-қосымшаға сәйкес нысан бойынша активтер мен міндеттемелер туралы есеп;

2) Қағидаларға 6-қосымшаға сәйкес нысан бойынша кіріс пен шығыс туралы есеп;

3) Қағидаларға 7-қосымшаға сәйкес нысан бойынша ақшалай қаражаттың қозғалысы туралы есеп қамтылады.

"Өмірді сақтандыру" саласында лицензиясы бар және сақтанушының инвестицияларға қатысу шарттарын көздейтін сақтандыру шарттарын жасасуды жүзеге асыратын Қазақстан Республикасының бейрезидент-сақтандыру ұйымдарының филиалдары қосымша Ұлттық Банкке есепті жылдан кейінгі жылғы 30 сәуірге (қоса алғанда) дейінгі мерзімде жыл сайын:

1) Қағидаларға 8-қосымшаға сәйкес нысан бойынша инвестициялық қордың (клиенттердің) активтері бойынша есепті;

2) Қағидаларға 9-қосымшаға сәйкес нысан бойынша инвестициялық қордың (клиенттердің) активтері бойынша кіріс пен шығыс туралы есепті ұсынады.

3-тарау. Бухгалтерлік есептің деректері бойынша тоқсан сайынғы және ай сайынғы қаржылық есептілікті және тоқсан сайынғы және ай сайынғы есептілікті ұсыну тәртібі

12. Ұлттық Банкке тоқсан сайынғы қаржылық есептілікті:

1) екінші деңгейдегі банктер есепті тоқсаннан кейінгі күнтізбелік 60 (алпыс) күннен кешіктірмей, мынадай нысандар бойынша:

Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша бухгалтерлік балансты;

Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша пайда мен зиян туралы есепті/жиынтық кіріс туралы есепті;

Қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес нысан бойынша ақшалай қаражаттың қозғалысы туралы есепті;

Қағидаларға 4-қосымшаға сәйкес нысан бойынша капиталдағы өзгерістер туралы есепті ұсынады.

Екінші деңгейдегі банктер еншілес ұйымы (ұйымдары) болған жағдайда, осы тармақшаның бірінші бөлігінде белгіленген мерзімде және осы тармақшаның бірінші бөлігінде көрсетілген нысандар бойынша халықаралық қаржылық есептілік стандарттарына сәйкес жасалған және аудиторлық ұйым растаған (бар болса) жекелеген тоқсан сайынғы қаржылық есептілікті және шоғырландырылған тоқсан сайынғы қаржылық есептілікті ұсынады;

2) сақтандыру брокерлері есепті тоқсаннан кейінгі айдың 6 (алтыншы) жұмыс күнінен кешіктірмей, мынадай нысандар бойынша:

Қағидаларға 15-қосымшаға сәйкес нысан бойынша бухгалтерлік балансты;

Қағидаларға 16-қосымшаға сәйкес нысан бойынша пайда мен зиян туралы есепті ұсынады;

3) банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдар (Ұлттық пошта операторын, ипотекалық ұйымдарды, қызметін Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің қолма-қол шетел валютасымен айырбастау операцияларына арналған

лицензиясы негізінде тек қана айырбастау пункттері арқылы жүзеге асыратын заңды тұлғаларды және айрықша қызметі банкноттарды, монеталар мен құндылықтарды инкассациялау болып табылатын заңды тұлғаларды, орталық депозитарийді, сауда-саттықты ұйымдастырушыны, клирингтік ұйымды, уәкілетті органның тиісті лицензиясы негізінде банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын брокерлерді және (немесе) дилерлерді қоспағанда) есепті тоқсаннан кейінгі айдың 20 (жиырмамынан) кешіктірмей, мынадай нысандар бойынша:

Қағидаларға 15-қосымшаға сәйкес нысан бойынша бухгалтерлік балансты;

Қағидаларға 16-қосымшаға сәйкес нысан бойынша пайда мен зиян туралы есепті ұсынады;

13. Ұлттық Банктің аумақтық филиалына өзі орналасқан жері бойынша тоқсан сайынғы қаржылық есептілікті:

1) Қағидаларға 15 және 16-қосымшаларға сәйкес нысандар бойынша:

халықаралық қаржылық есептілік стандарттарын қолданатын, микроқаржылық қызметті жүзеге асыратын ұйымдар есепті тоқсаннан кейінгі айдың 25 (жиырма бесінен) кешіктірмей;

2) Қағидаларға 17 және 18-қосымшаларға сәйкес нысандар бойынша:

шағын және орта бизнеске арналған халықаралық қаржылық есептілік стандарттарын қолданатын, микроқаржылық қызметті жүзеге асыратын ұйымдар есепті тоқсаннан кейінгі айдың 25 (жиырма бесінші) күнінен кешіктірмей ұсынады.

14. Ұлттық Банкке бухгалтерлік есептің деректері бойынша тоқсан сайынғы есептілікті:

1) Қазақстан Республикасының бейрезидент-банктерінің филиалдары есепті тоқсаннан кейінгі күнтізбелік 60 (алпыс) күннен кешіктірмей мынадай нысандар бойынша:

Қағидаларға 5-қосымшаға сәйкес нысан бойынша активтер мен міндеттемелер туралы есепті;

Қағидаларға 6-қосымшаға сәйкес нысан бойынша кіріс пен шығыс туралы есепті;

Қағидаларға 7-қосымшаға сәйкес нысан бойынша ақшалай қаражаттың қозғалысы туралы есепті ұсынады;

2) Қазақстан Республикасының бейрезидент-сақтандыру брокерлерінің филиалдары есепті тоқсаннан кейінгі айдың 6 (алтыншы) жұмыс күнінен кешіктірмей мынадай нысандар бойынша:

Қағидаларға 7-қосымшаға сәйкес нысан бойынша ақшалай қаражаттың қозғалысы туралы есепті;

Қағидаларға 21-қосымшаға сәйкес нысан бойынша активтер мен міндеттемелер туралы есепті;

Қағидаларға 22-қосымшаға сәйкес нысан бойынша кіріс пен шығыс туралы есепті ұсынады.

15. Ұлттық Банкке ай сайынғы қаржылық есептілікті:

1) сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдары, исламдық сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдары есепті айдан кейінгі айдың 10 (оныншы) жұмыс күнінен кешіктірмей мынадай нысандар бойынша:

Қағидаларға 19-қосымшаға сәйкес нысан бойынша бухгалтерлік балансты;

Қағидаларға 20-қосымшаға сәйкес нысан бойынша пайда мен зиян туралы есепті ұсынады.

2) бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры есепті айдан кейінгі айдың 20 (жиыrmасынан) кешіктірмей мынадай нысандар бойынша:

Қағидаларға 23-қосымшаға сәйкес нысан бойынша бухгалтерлік балансты;

Қағидаларға 24-қосымшаға сәйкес нысан бойынша пайда мен зиян туралы есепті;

Қағидаларға 25-қосымшаға сәйкес нысан бойынша міндетті зейнетақы жарналары, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары, ерікті зейнетақы жарналары есебінен қалыптастырылған таза зейнетақы активтері туралы есепті;

Қағидаларға 26-қосымшаға сәйкес нысан бойынша жұмыс берушінің міндетті зейнетақы жарналары есебінен қалыптастырылған таза зейнетақы активтері туралы есепті;

Қағидаларға 27-қосымшаға сәйкес нысан бойынша нысаналы жинақтар есебінен қалыптастырылған нысаналы активтер туралы есепті;

Қағидаларға 28-қосымшаға сәйкес нысан бойынша міндетті зейнетақы жарналары, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары, ерікті зейнетақы жарналары есебінен қалыптастырылған таза зейнетақы активтеріндегі өзгерістер туралы есепті;

Қағидаларға 29-қосымшаға сәйкес нысан бойынша жұмыс берушінің міндетті зейнетақы жарналары есебінен қалыптастырылған таза зейнетақы активтеріндегі өзгерістер туралы есепті ұсынады;

3) ерікті жинақтаушы зейнетақы қорлары есепті айдан кейінгі айдың 5 (бесінші) жұмыс күнінен кешіктірмей, мынадай нысандар бойынша:

Қағидаларға 23-қосымшаға сәйкес нысан бойынша бухгалтерлік балансты;

Қағидаларға 24-қосымшаға сәйкес нысан бойынша пайда мен зиян туралы есепті;

Қағидаларға 25-қосымшаға сәйкес нысан бойынша міндетті зейнетақы жарналары, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары, ерікті зейнетақы жарналары есебінен қалыптастырылған таза зейнетақы активтері туралы есеп;

Қағидаларға 28-қосымшаға сәйкес нысан бойынша міндетті зейнетақы жарналары, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары, ерікті зейнетақы жарналары есебінен қалыптастырылған таза зейнетақы активтеріндегі өзгерістер туралы есеп;

4) бағалы қағаздар нарығында брокерлік және дилерлік қызметті жүзеге асыратын ұйымдар есепті айдан кейінгі айдың 5 (бесінші) жұмыс күнінен кешіктірмей, мынадай нысандар бойынша:

Қағидаларға 30-қосымшаға сәйкес нысан бойынша бухгалтерлік балансты;

Қағидаларға 31-қосымшаға сәйкес нысан бойынша пайда мен зиян туралы есепті ұсынады;

5) инвестициялық портфельді басқарушылар есепті айдан кейінгі айдың 5 (бесінші) жұмыс күнінен кешіктірмей, мынадай нысандар бойынша:

Қағидаларға 30-қосымшаға сәйкес нысан бойынша бухгалтерлік балансты;

Қағидаларға 31-қосымшаға сәйкес нысан бойынша пайда мен зиян туралы есепті;

Қағидаларға 8-қосымшаға сәйкес нысан бойынша инвестициялық қордың (клиенттердің) активтері бойынша есепті;

Қағидаларға 9-қосымшаға сәйкес нысан бойынша инвестициялық қордың (клиенттердің) активтері бойынша пайда мен зиян туралы есепті;

Қағидаларға 32-қосымшаға сәйкес нысан бойынша таза зейнетақы активтері туралы есепті;

Қағидаларға 33-қосымшаға сәйкес нысан бойынша таза зейнетақы активтеріндегі өзгерістер туралы есепті ұсынады;

6) "өмірді сақтандыру" саласында лицензиясы бар және сақтанушының сақтандырушының инвестицияларына қатысу талаптары көзделетін сақтандыру шарттарын жасауды жүзеге асыратын сақтандыру ұйымдары есепті айдан кейінгі айдың 6 (алтыншы) жұмыс күнінен кешіктірмей, мынадай нысандар бойынша:

Қағидаларға 8-қосымшаға сәйкес нысан бойынша инвестициялық қордың (клиенттердің) активтері бойынша бухгалтерлік балансты;

Қағидаларға 9-қосымшаға сәйкес нысан бойынша инвестициялық қордың (клиенттердің) активтері бойынша пайда мен зиян туралы есепті ұсынады;

7) Ұлттық пошта операторы есепті айдан кейінгі айдың 25 (жиырма бесінен) кешіктірмей, мынадай нысандар бойынша:

Қағидаларға 15-қосымшаға сәйкес нысан бойынша бухгалтерлік балансты;

Қағидаларға 34-қосымшаға сәйкес нысан бойынша пайда мен зиян туралы есепті ұсынады;

8) орталық депозитарий есепті айдан кейінгі айдың 20 (жиырмаасынан) кешіктірмей, мынадай нысандар бойынша:

Қағидаларға 15-қосымшаға сәйкес нысан бойынша бухгалтерлік балансты;

Қағидаларға 16-қосымшаға сәйкес нысан бойынша пайда мен зиян туралы есепті ұсынады;

9) сауда-саттықты ұйымдастырушы, клирингтік ұйымы есепті айдан кейінгі айдың 20 (жиырмаасынан) кешіктірмей, мынадай нысандар бойынша:

Қағидаларға 15-қосымшаға сәйкес нысан бойынша бухгалтерлік балансты;

Қағидаларға 16-қосымшаға сәйкес нысан бойынша пайда мен зиян туралы есепті ұсынады;

10) сақтандыру ұйымдары таратылған жағдайда сақтанушыларға (сақтандырылушыларға, пайда алушыларға) сақтандыру төлемдерін жүзеге асыруға

кепілдік беретін ұйым есепті айдан кейінгі айдың 5 (бесінші) жұмыс күнінен кешіктірмей мынадай нысандар бойынша:

Қағидаларға 35-қосымшаға сәйкес нысан бойынша бухгалтерлік балансты;

Қағидаларға 36-қосымшаға сәйкес нысан бойынша пайда мен зиян туралы есепті ұсынады.

16. Ұлттық Банкке бухгалтерлік есептің деректері бойынша ай сайынғы есептілікті:

1) Қазақстан Республикасының бейрезидент-сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарының филиалдары есепті айдан кейінгі айдың 6 (алтыншы) жұмыс күнінен кешіктірмей мынадай нысандар бойынша:

Қағидаларға 7-қосымшаға сәйкес нысан бойынша ақшалай қаражаттың қозғалысы туралы есепті;

Қағидаларға 37-қосымшаға сәйкес нысан бойынша активтер мен міндеттемелер туралы есепті;

Қағидаларға 38-қосымшаға сәйкес нысан бойынша кіріс пен шығыс туралы есепті ұсынады;

2) "өмірді сақтандыру" саласында лицензиясы бар және сақтанушының инвестицияларға қатысу талаптары көзделетін сақтандыру шарттарын жасасатын Қазақстан Республикасының бейрезидент-сақтандыру ұйымдарының филиалдары есепті айдан кейінгі айдың 6 (алтыншы) жұмыс күнінен кешіктірмей мынадай нысандар бойынша:

Қағидаларға 8-қосымшаға сәйкес нысан бойынша инвестициялық қордың (клиенттердің) активтері бойынша есепті;

Қағидаларға 9-қосымшаға сәйкес нысан бойынша инвестициялық қордың (клиенттердің) активтері бойынша кіріс пен шығыс туралы есепті ұсынады.

Қаржы ұйымдарының қаржылық
есептілікті және Қазақстан
Республикасының
бейрезидент-банктері филиалдарының,
Қазақстан Республикасының
бейрезидент- сақтандыру
(қайта сақтандыру) ұйымдары
филиалдарының, Қазақстан
Республикасының
бейрезидент-сақтандыру брокерлері
филиалдарының бухгалтерлік
есептің деректері бойынша
есептілікті ұсыну қағидаларына
1-қосымша
Әкімшілік деректерді жинауға
арналған нысан

Ұсынылады: Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне, Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің аумақтық филиалына.

Әкімшілік деректерді өтеусіз негізде жинауға арналған нысан www.nationalbank.kz интернет-ресурсында орналастырылған.

Әкімшілік нысанның атауы: бухгалтерлік баланс.

Әкімшілік деректерді өтеусіз негізде жинауға арналған нысанның индексі: 1Н.

Кезеңділігі: жыл сайын/тоқсан сайын.

Есепті кезең: 20__ жылғы "___" _____ жағдай бойынша.

Әкімшілік деректерді өтеусіз негізде жинауға арналған нысанды ұсынатын тұлғалар тобы: екінші деңгейдегі банктер, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдары, исламдық сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдары және сақтандыру брокерлері, меншікті активтері бойынша бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры, меншікті активтері бойынша ерікті жинақтаушы зейнетақы қоры, бағалы қағаздар нарығында брокерлік және дилерлік қызметті жүзеге асыратын ұйымдар, сауда-саттықты ұйымдастырушылар, клирингтік ұйымдар, инвестициялық портфельді басқарушылар, микроқаржылық қызметті жүзеге асыратын ұйымдар, бағалы қағаздар нарығында трансфер-агенттік қызметті жүзеге асыратын ұйымдар, банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдар (қызметін Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің қолма-қол шетел валютасымен айырбастау операцияларына арналған лицензиясы негізінде тек қана айырбастау пункттері арқылы жүзеге асыратын заңды тұлғаларды және айрықша қызметі банкноттарды, монеталар мен құндылықтарды инкассациялау болып табылатын заңды тұлғаларды қоспағанда), өзара сақтандыру қоғамдары, активтер мен міндеттемелерді бір мезгілде беру жөніндегі операция нәтижесінде активтер мен міндеттемелер қабылдаған ұйымдар, сақтандыру ұйымдары таратылған жағдайда, сақтанушыларға (сақтандырылушыларға, пайда алушыларға) сақтандыру төлемдерін жүзеге асыруға кепілдік беретін ұйым.

Әкімшілік деректерді өтеусіз негізде жинауға арналған нысанды ұсыну мерзімі:

1) екінші деңгейдегі банктер, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдары, исламдық сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдары және сақтандыру брокерлері, меншікті активтері бойынша бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры, меншікті активтері бойынша ерікті жинақтаушы зейнетақы қоры, бағалы қағаздар нарығында брокерлік және дилерлік қызметті жүзеге асыратын ұйымдар, сауда-саттықты ұйымдастырушылар, клирингтік ұйымдар, инвестициялық портфельді басқарушылар, бағалы қағаздар нарығында трансфер-агенттік қызметті жүзеге асыратын ұйымдар, банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдар (қызметін Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің қолма-қол шетел валютасымен айырбастау операцияларына арналған лицензиясы негізінде тек қана айырбастау пункттері арқылы жүзеге асыратын заңды тұлғаларды және айрықша қызметі банкноттарды, монеталар мен құндылықтарды инкассациялау болып табылатын заңды тұлғаларды қоспағанда), өзара сақтандыру қоғамдары, сақтандыру ұйымдары таратылған жағдайда, сақтанушыларға (сақтандырылушыларға, пайда алушыларға) сақтандыру төлемдерін

жүзеге асыруға кепілдік беретін ұйым – есепті жылдан кейінгі жылғы 31 (отыз бірінші) мамырға (қоса алғанда) дейінгі мерзімде жыл сайын;

2) микроқаржылық қызметті жүзеге асыратын ұйымдар – есепті жылдан кейінгі жылғы 30 (отызыншы) сәуірге (қоса алғанда) дейінгі мерзімде жыл сайын;

3) екінші деңгейдегі банктер – есепті тоқсаннан кейінгі күнтізбелік 60 (алпыс) күннен кешіктірмей тоқсан сайын;

4) активтер мен міндеттемелерді бір мезгілде беру жөніндегі операция нәтижесінде активтер мен міндеттемелер қабылдаған ұйымдар – активтер мен міндеттемелерді бір мезгілде беру жөніндегі операция болған есепті жылдан кейінгі жылғы 31 (отыз бірінші) мамырға (қоса алғанда) дейінгі мерзімде.

БСН: _____.

Жинау әдісі: электрондық түрде.

	(мың теңгемен)	
Баптың атауы	Есепті кезеңнің соңында	Алдыңғы жылдың соңында
1	2	3
...		
...		
Активтер жиыны		
...		
...		
Міндеттемелер жиыны		
...		
...		
Капитал жиыны		
Міндеттемелер мен капитал жиыны		
Атауы _____		Мекенжайы _____

Телефоны _____		
Электрондық пошта мекенжайы _____		
Орындаушы _____ тегі, аты, әкесінің аты (ол бар болса) қолы, телефоны _____		
Бас бухгалтер _____ тегі, аты, әкесінің аты (ол бар болса) қолы күні _____		
Басшы немесе оның міндетін атқарушы адам _____ тегі, аты, әкесінің аты (ол бар болса) қолы _____		
Күні 20__ жылғы "_____" _____		

Ескертпе: нысан "Бухгалтерлік баланс" әкімшілік деректерді өтеусіз негізде жинауға арналған нысанын толтыру бойынша түсіндірмеге сәйкес толтырылады.

"Бухгалтерлік баланс" әкімшілік
деректерді өтеусіз негізде

"Бухгалтерлік баланс" (индексі – 1Н, кезеңділігі: жыл сайын/тоқсан сайын)

әкімшілік деректерді өтеусіз негізде жинауға арналған нысанын толтыру бойынша түсіндірме

1. Осы түсіндірмеде "Бухгалтерлік баланс" әкімшілік деректерді өтеусіз негізде жинауға арналған нысанын (бұдан әрі – нысан) толтыру бойынша бірыңғай талаптар айқындалады.

2. Нысан жыл сайын және тоқсан сайын есепті кезеңнің соңындағы жағдай бойынша ұсынылады.

Екінші деңгейдегі банктер, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдары, исламдық сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдары және сақтандыру брокерлері, меншікті активтері бойынша бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры, меншікті активтері бойынша ерікті жинақтаушы зейнетақы қоры, бағалы қағаздар нарығында брокерлік және дилерлік қызметті жүзеге асыратын ұйымдар, сауда-саттықты ұйымдастырушылар, клирингтік ұйымдар, инвестициялық портфельді басқарушылар, микроқаржылық қызметті жүзеге асыратын ұйымдар, бағалы қағаздар нарығында трансфер-агенттік қызметті жүзеге асыратын ұйымдар, банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдар (қызметін Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің қолма-қол шетел валютасымен айырбастау операцияларына арналған лицензиясы негізінде тек қана айырбастау пункттері арқылы жүзеге асыратын заңды тұлғаларды және айрықша қызметі банкноттарды, монеталар мен құндылықтарды инкассациялау болып табылатын заңды тұлғаларды қоспағанда), өзара сақтандыру қоғамдары – еншілес ұйымы (ұйымдары) болған жағдайда, бухгалтерлік балансты және шоғырландырылған бухгалтерлік балансты жеке ұсынады.

Активтер мен міндеттемелерді бір мезгілде беру жөніндегі операцияның нәтижесінде активтер мен міндеттемелер қабылдаған ұйымдар еншілес ұйымы (ұйымдары) болған жағдайда активтер мен міндеттемелерді бір мезгілде беру жөніндегі операция болған есепті жыл үшін жеке бухгалтерлік балансты және шоғырландырылған бухгалтерлік балансты ұсынады.

3. Нысанды толтыру кезінде пайдаланылатын өлшем бірлігі мың теңгемен белгіленеді. 500 (бес жүз) теңгеден кем сома 0 (нөлге) дейін дөңгелектенеді, 500 (бес жүз) теңгеге тең және одан көп сома 1000 (бір мың) теңгеге дейін дөңгелектенеді.

4. Толтырылған нысанға басшы немесе оның міндетін атқаратын адам, бас бухгалтер және орындаушы қол қояды.

5. 1-бағанды толтыру кезінде баптардың атаулары ұйымның операцияларына қарай, еркін нысанда толтырылады.

6. 2-бағанда есепті кезеңнің соңғы күнін қоса алғанда, есепті кезеңнің соңындағы деректер көрсетіледі.

7. 3-бағанда алдыңғы жылдың соңындағы деректер көрсетіледі.

8. Қаржылық есептілік түрі: жеке және шоғырландырылған.

Қаржы ұйымдарының қаржылық
есептілікті және Қазақстан
Республикасының
бейрезидент-банктері филиалдарының,
Қазақстан Республикасының
бейрезидент- сақтандыру
(қайта сақтандыру) ұйымдары
филиалдарының, Қазақстан
Республикасының
бейрезидент-сақтандыру брокерлері
филиалдарының бухгалтерлік
есептің деректері бойынша
есептілікті ұсыну қағидаларына
2-қосымша
Әкімшілік деректерді
жинауға арналған нысан

Ұсынылады: Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне, Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің аумақтық филиалына.

Әкімшілік деректерді өтеусіз негізде жинауға арналған нысан www.nationalbank.kz интернет-ресурсында орналастырылған.

Әкімшілік нысанның атауы: пайда мен зиян туралы есеп/жиынтық кіріс туралы есеп

Әкімшілік деректерді өтеусіз негізде жинауға арналған нысанның индексі: 2Н.

Кезеңділігі: жыл сайын/тоқсан сайын.

Есепті кезең: 20__жылғы " __ " _____ жағдай бойынша.

Әкімшілік деректерді өтеусіз негізде жинауға арналған нысанды ұсынатын тұлғалар тобы: екінші деңгейдегі банктер, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдары, исламдық сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдары және сақтандыру брокерлері, меншікті активтері бойынша бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры, меншікті активтері бойынша ерікті жинақтаушы зейнетақы қоры, бағалы қағаздар нарығында брокерлік және дилерлік қызметті жүзеге асыратын ұйымдар, сауда-саттықты ұйымдастырушылар, клирингтік ұйымдар, инвестициялық портфельді басқарушылар, микроқаржылық қызметті жүзеге асыратын ұйымдар, бағалы қағаздар нарығында трансфер-агенттік қызметті жүзеге асыратын ұйымдар, банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдар (қызметін Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің қолма-қол шетел валютасымен айырбастау операцияларына арналған лицензиясы негізінде тек қана айырбастау пункттері арқылы жүзеге асыратын заңды тұлғаларды және айрықша қызметі банкноттарды, монеталар мен құндылықтарды инкассациялау болып табылатын заңды тұлғаларды қоспағанда), өзара сақтандыру

қоғамдары, активтер мен міндеттемелерді бір мезгілде беру жөніндегі операция нәтижесінде активтер мен міндеттемелер қабылдаған ұйымдар, сақтандыру ұйымдары таратылған жағдайда, сақтанушыларға (сақтандырылушыларға, пайда алушыларға) сақтандыру төлемдерін жүзеге асыруға кепілдік беретін ұйым.

Әкімшілік деректерді өтеусіз негізде жинауға арналған нысанды ұсыну мерзімі:

1) екінші деңгейдегі банктер, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдары, исламдық сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдары және сақтандыру брокерлері, меншікті активтері бойынша бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры, меншікті активтері бойынша ерікті жинақтаушы зейнетақы қоры, бағалы қағаздар нарығында брокерлік және дилерлік қызметті жүзеге асыратын ұйымдар, сауда-саттықты ұйымдастырушылар, клирингтік ұйымдар, инвестициялық портфельді басқарушылар, бағалы қағаздар нарығында трансфер-агенттік қызметті жүзеге асыратын ұйымдар, банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдар (қызметін Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің қолма-қол шетел валютасымен айырбастау операцияларына арналған лицензиясы негізінде тек қана айырбастау пункттері арқылы жүзеге асыратын заңды тұлғаларды және айрықша қызметі банкноттарды, монеталар мен құндылықтарды инкассациялау болып табылатын заңды тұлғаларды қоспағанда), өзара сақтандыру қоғамдары, сақтандыру ұйымдары таратылған жағдайда сақтанушыларға (сақтандырылушыларға, пайда алушыларға) сақтандыру төлемдерін жүзеге асыруға кепілдік беретін ұйым – есепті жылдан кейінгі жылғы 31 (отыз бірінші) мамырға (қоса алғанда) дейінгі мерзімде жыл сайын;

2) микроқаржылық қызметті жүзеге асыратын ұйымдар – есепті жылдан кейінгі жылғы 30 (отызыншы) сәуірге (қоса алғанда) дейінгі мерзімде жыл сайын;

3) екінші деңгейдегі банктер – есепті тоқсаннан кейінгі күнтізбелік 60 (алпыс) күннен кешіктірмей тоқсан сайын;

4) активтер мен міндеттемелерді бір мезгілде беру жөніндегі операция нәтижесінде активтер мен міндеттемелер қабылдаған ұйымдар – активтер мен міндеттемелерді бір мезгілде беру жөніндегі операция болған есепті жылдан кейінгі жылғы 31 (отыз бірінші) мамырға (қоса алғанда) дейінгі мерзімде.

БСН: _____.

Жинау әдісі: электрондық түрде.

		(мың теңгемен)
Баптардың атауы	Ағымдағы жылдың басынан басталған кезең үшін (өспелі жиынымен)	Алдыңғы жылдың басынан бастап ұқсас кезең үшін (өспелі жиынымен)
1	2	3
...		
...		
...		
...		

Салық салынғанға дейінгі таза пайда/таза зиян		
...		
Табыс салығы бойынша шығыс		
...		
Таза пайда/таза зиян		
...		
Атауы _____	Мекенжайы _____	
Телефоны _____		
Электрондық пошта мекенжайы _____		
Орындаушы _____ тегі, аты, әкесінің аты (ол бар болса) қолы, телефоны		
Бас бухгалтер _____ тегі, аты, әкесінің аты (ол бар болса) қолы күні		
Басшы немесе оның міндетін атқарушы адам _____ тегі, аты, әкесінің аты (ол бар болса) қолы		
Күні 20__ жылғы "_____" _____		

Ескертпе: нысан "Пайда мен зиян туралы есеп/жиынтық кіріс туралы есеп" әкімшілік деректерді өтеусіз негізде жинауға арналған нысанын толтыру бойынша түсіндірмеге сәйкес толтырылады.

"Пайда мен зиян туралы
есеп/жиынтық кіріс туралы
есеп" әкімшілік деректерді
өтеусіз негізде жинауға арналған
нысанына қосымша

"Пайда мен зиян туралы есеп/жиынтық кіріс туралы есеп" (индексі – 2Н, кезеңділігі: жыл сайын/тоқсан сайын)

әкімшілік деректерді өтеусіз негізде жинауға арналған нысанын толтыру бойынша түсіндірме

1. Осы түсіндірмеде "Пайда мен зиян туралы есеп/жиынтық кіріс туралы есеп" әкімшілік деректерді өтеусіз негізде жинауға арналған нысанын (бұдан әрі – нысан) толтыру бойынша бірыңғай талаптар айқындалады.

2. Нысан жыл сайын және тоқсан сайын есепті кезеңде өспелі қорытындымен және өткен жылдың басынан бастап осыған ұқсас кезеңде (өспелі қорытындымен) ұсынылады.

Екінші деңгейдегі банктер, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдары, исламдық сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдары және сақтандыру брокерлері, меншікті активтері бойынша бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры, меншікті активтері бойынша ерікті жинақтаушы зейнетақы қоры, бағалы қағаздар нарығында брокерлік және дилерлік қызметті жүзеге асыратын ұйымдар, сауда-саттықты

ұйымдастырушылар, клирингтік ұйымдар, инвестициялық портфельді басқарушылар, микроқаржылық қызметті жүзеге асыратын ұйымдар, бағалы қағаздар нарығында трансфер-агенттік қызметті жүзеге асыратын ұйымдар, банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдар (қызметін Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің қолма-қол шетел валютасымен айырбастау операцияларына арналған лицензиясы негізінде тек қана айырбастау пункттері арқылы жүзеге асыратын заңды тұлғаларды және айрықша қызметі банкноттарды, монеталар мен құндылықтарды инкассациялау болып табылатын заңды тұлғаларды қоспағанда), өзара сақтандыру қоғамдары – еншілес ұйымы (ұйымдары) болған жағдайда, пайда мен зиян туралы есепті/жиынтық кіріс туралы есепті және шоғырландырылған пайда мен зиян туралы есепті/жиынтық кіріс туралы есепті жеке ұсынады.

Активтер мен міндеттемелерді бір мезгілде беру жөніндегі операцияның нәтижесінде активтер мен міндеттемелерді қабылдаған ұйымдар – еншілес ұйымы (ұйымдары) болған жағдайда, активтер мен міндеттемелерді бір мезгілде беру жөніндегі операция болған есепті жылғы жеке пайда мен зиян туралы есепті/жиынтық кіріс туралы есепті және шоғырландырылған пайда мен зиян туралы есепті/жиынтық кіріс туралы есепті ұсынады.

3. Нысанды толтыру кезінде пайдаланылатын өлшем бірлігі мың теңгемен белгіленеді. 500 (бес жүз) теңгеден кем сома 0 (нөлге) дейін дөңгелектенеді, 500 (бес жүз) теңгеге тең және одан көп сома 1000 (бір мың) теңгеге дейін дөңгелектенеді.

4. Толтырылған нысанға басшы немесе оның міндетін атқаратын адам, бас бухгалтер және орындаушы қол қояды.

5. 1-бағанды толтыру кезінде баптардың атаулары ұйымның операцияларына қарай, еркін нысанда толтырылады.

6. 2-бағанда ағымдағы жылдың басынан басталған кезеңдегі деректер көрсетіледі (өспелі жиынымен).

